



**БҰЙРЫҚ**

2023 ж. 14.03

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 86

город Астана

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»  
акционерлік қоғамының 2022 жылға  
арналған жылдық қаржылық есептілігін  
бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Центраудит-Қазақстан» Тәуелсіз аудиторлық компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі есебіне, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы наурыздағы № 3 шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № КГИП-03-КГ/2707 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2022 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамның бас директоры:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізетін ұйымға жолдауды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесін және Қоғамның 2022 жылға арналған жылдық аудиторлық есебін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Вице-министр



Н. Сағындықова